

gosudarstvennogo universiteta. *Filologiya – Tomsk State University Journal of Philology*. 87. 2024. pp. 23–54. <https://doi.org/10.17223/19986645/87/2>

5 Mostafa M. Keruly, Rasim R. Khusnutdinov (2018) Non-predicative verb forms in different system languages *XLinguae*, Volume 11, Issue 2. Pp. 352-358. <https://doi.org/10.18355/XL.2018.11.02.28>

6 Филиппова Л.С. Современный русский язык. Морфемика. Словообразование: учеб. пособие. – М.: Флинта: Наука, 2009. – 248 с.

7 Ахметжанқызы М. Лексико-семантические признаки субстантивных причастий // *Казахский язык и литература*. – 1994. - №5-6. – 125-127 бб.

8 Матжанова М. Субстантивация причастия в русском и казахском языках: канд.дисс. – Алматы, 1995, 124 с.

9 Амирова Ж. Р. Функциональные аспекты субстантивации в казахском языке. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 232 с.

10 Zhukova V., Janda L.A. Russian grammar as a constructicon: beyond a list. *Russian Linguistics*. 2024. 45, pp. 5-15 <https://doi.org/10.1007/s11185-024-09298-z>

11 Искаков А. Современный казахский язык. Морфология. Второе издание. – Алматы: Ана тили, 1991. – 282 с.

12 Маманов Ы. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 с.

13 Kenbayeva, A. Z., Bekmasheva, A. N., Umarova, G. S., Shakirova, K. M., Tuimebekova, A. A. “Functioning of toponymic lexis in Turkic epic literature”, *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, vol. 8, is. 3, 2022. pp. 45-54, <https://doi.org/10.32601/ejal.80300>

14 Sarsenbay Z. et al. Modern Kazakh Language Trends: Norms and Usus Features. *International Journal of Society, Culture & Language*, 11(3), 2023. Pp. <http://dx.doi.org/10.22034/ijsc.2023.2006970.3096>

15 Нурбеков, Т., & Салқынбай, А. Отражение степного мировоззрения в сказках быта и обряда в языковой картине мира. *Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series*, (2024). (2), 164–173. <https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp164-173>

Материал поступил в редакцию журнала 03.08.2024

МҒТАР 16.21.49

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss4pp33-47](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss4pp33-47)

Ж. Аманбекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Фразеологизмдер әрбір тілдің бір бөлігі ретінде көнеленуі, мағына тұрақтылығы мен стиль жағынан да ерекшеленеді. Фразеологизмдерде қазақ халқының ұлттық болмысы мен өзіндік ерекшелігі көрініс беретіндіктен олардың автор қолданысындағы түрленуі мен мағыналық топтарына талдау жасаудың маңызы зор. Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларында қолданылған фразеологизмдер талданып, олардың семантикалық топтары мен авторлық қолданыстағы тілдік ерекшеліктері анықталды. Мәзмәтіндегі тілдік өзгерістер фразеологиялық сөздіктегі түпнұсқамен салыстырыла отырып, автордың айтар ойына сай ұлттық танымды берудегі фразеологизмдердің қызметі сараланды. Авторлық қолданыстағы тілдік ерекшеліктер мен көркемдік айшықтауларға ерекше назар аударып, түпкі мәнін түсініп, тиімді пайдалануға болады. Фразеологизмдердің жасалуында ауыз әдебиетінің орны ерекше. Халық арасында айтылған тапқыр сөз, мысал, теңеу, мақал-мәтел,

өткір сауал, суырып салма жауап – бәрі де бейнелі ойлау, шебер сөз саптау мен сөздің ішкі заңдылықтарына сай ықшамдап, орынды қолданудан жасалған бірліктер. Шәкәрім Құдайбердіұлы фразеологизмдердегі ақпараттың мағыналық бөліктерін қандай коммуникативтік ниетте пайдаланғанын түсінуге тырысып, түпкі мәніне үңілу өте маңызды. Әр тілде сақталған фразеологизмдер сол халықтың мәдени-тарихи тәжірибесі мен тіл дамуының куәсі секілді. Сондықтан олардың семантикалық топтары мен ұлттық таным тұрғысында қабылдау ерекшеліктерін зерттеудің өзектілігі жоғары.

Кілт сөздер: тіл, мәдениет, соматизмдер, фразеологиялық бірлік, этнолингвистика.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Тілдік зерттеулердің антропоөзектік бағыты негізінде тіл мен мәдениет байланысының жандануы қазақ фразеологиясына жаңа ғылыми басымдықтарды алып келді. Қазіргі тілтанымда сезімдік-эмоциялық әсер беретін когнитивті фразеология саласы дамып, қазақ фразеологиясының тілдік деректері арқылы когнитивті зерттеулерге жалғасты.

Қазақ тіл білімінің бүгінгі басымдықтары негізінде фразеологизмдерді зерттеу еңбектері кездескенімен, дәл Шәкәрім шығармаларындағы фразеологизмдерге арналған жеке ізденістер жоққа тән. Сол себепті бүгінгі тілдік парадигма негізінде Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы фразеологизмдердің семантикалық топтарын зерттеудің өзектілігі жоғары. Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің семантикалық топтастырылуы туралы түрлі пікірлер кездеседі. Мәселен, академик І. Кеңесбаев фразеологизмдердің семантикалық топтарын жасауға негіз болатын тірек ұғымдарды «ұйытқы сөздер» деп атап көрсетеді: «Фразеологизмдердің ішіндегі кейбір сөздер семантикалық жағынан ерек байқалып, түп қазық есебі қызмет атқарады. Ондай сөздер әлденеше ФЕ-де қайталанып отырады. Оны «ұйытқы сөз» деп атаған мақұл. Мәселен, *тіл, жүрек, көз, ауыз, табан, қол, бас, ақ, қара, тас, ат, ит, жер, жеті т.б.* сөздер осындай ұйытқы сөздер қатарына жатады» [1,611], - дей келіп, оларды мысалдарымен көрсетіп, талдау жасап, ұйытқы сөздер негіз болатын басты тақырыптық топтарына да тоқталып өтеді: «Осындай ұйытқы сөздердің табиғатын, себеп-салдарын, тематикалық топтарын өз алдына дара тексерудің мәні зор. Бірде *дене мүшелеріне (соматикалық принципке) байланысты, бірде төрт түлік мал, егін, т.б. шаруашылыққа, флора, фаунаға байланысты* алуан түрлі фразеологизмдерге арнайы көңіл бөлу керек-ақ» [1,611].

Ғалым Г. Смағұлова «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» атты монографиясында фразеологизмдерді семантикалық топтастыруға тірек болатын атаулар ретінде *соматизмдер, төрт түлік мал атаулары және үй хайуандары, аспан денелері* секілді негізгі үш бастауды атап көрсетеді [2,207].

Ал Р.А. Авакова фраземаларды ішкі формаларының туындау көздеріне сай шартты түрде төмендегіше топтастырады: *«адамның анатомиялық атаулары (соматизмдер) мен қимыл-қозғалыстарына байланысты туған фраземалар; жануарлар (зооморфтық фраземалар) әлемі; өсімдіктер (флора) әлемі; табиғат құбылыстары; өлшем бірлік (метеорология); сандық (нумеративтік) фраземалар; түр-түстік және сындық; алғыс және қарғыс мәнді; мифтік және діни; тарихи кезеңдермен және тұлғалармен байланысты туған фраземалар, т.б.»* [3,59].

Сонымен бірге Э.Н. Ажарбекова, Ш. Мажитаевалар өз зерттеуінде адами қасиеттерді білдіретін фразеологизмдерге тоқталады: «Тілде адамға қатысты фразеологизмдерді бірнеше тақырыптық топтарға бөлуге болады. Адамның мінез-құлқын, сырт бейнесі мен ішкі дүниесін, қадір-қасиетін, қимыл-қозғалысын сипаттауда фразеологизмдердің маңызы зор», - деп, тілдегі адами қасиеттерді білдіретін фразеологизмдерді тақырыптық топтарға жіктеу барысында, олардың бағалауыштық мәніне қарай *адамның жағымсыз қасиеттерін білдіретін фразеологизмдер, адамның жағымды қасиеттерін білдіретін фразеологизмдер, адам бойындағы екі жақты қасиеттерді сипаттайтын фразеологизмдер* деп үш топқа жіктейді [4,22]. Ғалымдардың фразеологизмдерді мағынасына қарай топтастыруы бір-бірін

толықтырып тұрғанымен, Г. Смағұлова тақырыптарды мағынасына қарай нақтылап, ауқымды топтарға жіктегендіктен жұмысымызда осы топтастыруға сүйенеміз.

КІРІСПЕ

Фразеологияны қазақ тіл білімінің өз алдына дербес саласы ретінде қалыптастырып, оның теориялық негізін салған академик І. Кеңесбаев фразеологизмдерді тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі дей отырып, көнеленуі мен тұлға, мағына тұрақтылығы жағынан да, стиль жағынан да өзіне тән ерекшеліктері бар екендігіне кеңінен тоқталады [1].

Қазіргі тіл біліміндегі фразеологизмдерді әр түрлі қырынан жіктеу, семантикалық талдау және мәнмәтінге сәйкестігі секілді мәдени, қатынастық және кәсіби мәселелерді зерттеу ғылыми назардағы өзекті мәселе. Мәселен, М.Б. Адаксамжанова өз зерттеуінде фразеологиялық бірліктердің мағынасы біртұтас лексикалық құрылымымен сипатталып, автор ойын жеткізудегі мақсатты құрал қызметін атқаратынына тоқталады [5].

Сонымен бірге зерттеуші А.М. Маликова қазіргі ғылым мен әдебиеттің дамуына орай, фразеологизмдер трансформацияға ұшырап, роман тіліне сай әдеби ортаға бейімделуде дейді [6]. Ал ғалым Х. Жо мәліметтері бойынша, фразеологиялық тіркесті қолдануда оның этимологиясына жан-жақты сараптама жүргізіп, семантикалық талдау жасаған өте маңызды. Мұндай талдау тіл тарихына негізделген халық танымы мен дәстүрін танып, фразеологиялық бірліктің мәнін ашып, күнделікті тілдік қатынаста оңай қолдануға мүмкіндік береді [7].

Бұдан қазіргі тіл білімінде фразеологиялық бірліктердің мәдени және ғылыми маңызы зор екені байқалады. Сол себепті фразеологиялық тіркестердің лексикалық айрықша сипатын анықтап, семантикалық талдау жасау оның мазмұнына тереңдеп, танымдық мәнін аша түседі. Көркем әдебиетте орнымен қолданылған фразеологизмдер белгілі бір тілдің мәдени шеңберінен көрініс беріп, тұрмыс-тіршілігі мен өмір салтынан да мол мағлұмат береді. Сондықтан фразеологиялық бірліктердің ғаламның тілдік жүйесінде кең таралуы мәдениеттің дамуы мен мәдени басымдықтағы өзгерістерге, жаңа мәдени ортаның пайда болуына, жеке адамның өзгеруі мен адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына алып келеді.

Р.А. Авакова «Фразеосемантика» еңбегінде фразеологизмдердің зерттелуі мен семантикасына лингвистиканың түрлі аспектілерінде талдау жасап, көркем шығармада сипатталып отырған дәуірдің, тарихи кезеңнің бояуын сол қалпында беру мақсатында авторлық қолданыстар мен айшықты бірліктер пайдаланылатынын айтады Сондықтан автордың тілін зерттеу, олардың қолданысындағы тілдік бірліктерге ғылыми баға беру теориялық дәйектемелер жасауға мүмкіндік беретіні сөзсіз [3,19]. Міне, дәл осы қасиетіне сай Шәкәрім шығармаларында да фразеологизмдер мағыналық қызмет атқарып, көркемдік қуат арқалап тұратындықтан осы тақырыпты өз зерттеуімізге арқау етпекпіз.

Ғалым Г. Смағұлова фразеологиялық зерттеулердің әлемдік ғылымдағы даму үрдісі мен қазіргі жағдайына тоқталып, бүгінгі басымдықтарын атап өтеді: «Енді фразеологизмдердің ары қарай зерттелуі нақты синтаксистік, фразеологизмдердің семантикалық ерекшеліктері туралы, олардың дискурстық көрінісі, прагматика және олардың психологиялық қабылдау ерекшеліктері туралы болды» [2,25]. Зерттеу барысында Г. Смағұлованың семантикалық жіктеліміне сай, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларында кездесетін фразеологизмдердің тақырыптық топтары мен тілдік ерекшеліктерін айқындау мақсат етіледі. Бұған дейін ақын шығармашылығы әдебиеттану, философия ғылымдары негізінде зерттеліп келгенімен, ақынның көркемдік тілін халықтың рухани өмірінде ерекше қызмет атқаратын фразеологизмдер арқылы зерделеу, жекелеген паремиологиялық бірліктердің мәнін ашу кездескен емес. Ақын шығармаларында жиі кездесетін фразеологизмдерді бүгінгі таным тұрғысынан зерделеу ақын болмысын терең танып, сол арқылы қазақтың ұлттық танымында қалыптасқан өзіндік бейнесі жалпы тілдегі әлемнің ұлттық бейнесінің бір бөлшегі екенін анықтауға мүмкіндік береді. Мұның өзі қазақ халқының ұлттық танымын түсінуге, аз сөзге көп мағына сиғызатын тіл байлығының тереңіне бойлауға мүмкіндік береді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының көркемдік тілін зерттеу – өзекті мәселенің бірі. Ақын тіліндегі образды ойларға негіз болған сөз кестелері қазақтың көркем тілінде бұрыннан белгілі дүниелер екені сөзсіз. Және олар Шәкәрім Құдайбердіұлының айтпақ ойы мен поэтикалық идеясының тірегі екені анық. Яғни, ақын шығармаларында көрініс тапқан фразеологизмдер арқылы да қазақ халқының өмірлік тәжірибесіне негізделген көзқарастарды бейнелі түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Мақалада талданған фразеологизмдер Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының үш томдық жинағының «Қажыма, ойым, қажыма» атты өлеңдері топтастырылған бірінші томынан алынды. Атап айтқанда, «*Біреудің мінін кешірсең*», «*Партия адамдары*», «*Мақсұттың болса орынсыз*», «*Мал жимақ*», «*Жастарға*», «*Арман*», «*Ашу мен ынсап*», «*Қазақ айнасы*», «*Айна қойдым алдыма*», «*Жиырма үй менің көршім – Қарабатыр*», «*Қорқыттың сарыны*» атты философиялық өлеңдерінде кездесетін отызға жуық фразеологизмді қарастырдық. Мұнда ақын тілінде қолданылған фразеологизмдер алдымен фразеологиялық сөздікте берілген мағынасымен салыстырылып, түсіндірме және этнолингвистикалық сөздіктерде ұсынылған анықтамасына сай морфологиялық, синтаксистік, лексикалық ерекшеліктері бойынша тілдік, танымдық сипаты ашықталды. Мысалдарда жиі кездескен тірек ұғымдар мен ұйытқы сөздерге сипаттама жасалып, жинақтау, аналитикалық талдау түрлері мен салыстырмалы әдіс-тәсілдер қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Шәкәрім Құдайбердіұлы тыңдаушыға оң әсер етіп, сөз құдіретін танытуда экспрессия тудырудың бір тәсілі ретінде фразеологизмдерді жиі қолданған. Олардың ішінде ұлттық әдеби тілде қалыптасқан дайын фразалар да, ақынның ерекше сөз саптау дағдысы, белгілі бір жағдайға орай қолданылған авторлық-индивидуалды тіркестер де табылады. Біз бұл мақалада тек тілімізде бұрыннан қалыптасқан фразеологизмдердің символдық, экспрессивтік мағынасын талдау арқылы ұлттық мәдениет ерекшелігінің Шәкәрім танымындағы болмысын зерделеуге тырысамыз.

Зерттеуші Г. Смағұлова қазақ тіліндегі фразеологизмдердің жасалуына ұйытқы болған тірек сөздердің ішінде ең көбі адамның дене мүшелерінің атауы – соматизмдер дей келіп, бұл тек қазақ тілінде емес, жалпы тіл-тілде кездесетін ортақ ерекшелік деп атайды. Яғни адамдар өздеріне жете таныс, ұзақ уақыт бақылап, танып, сырын білген заттар мен құбылыстардың ерекшеліктерінен жинақталған өмірлік тәжірибесіне сүйеніп өзіндік ой қорытуды меңгереді. Осылайша, салыстыру, пайымдау арқылы жаңа ұғым туғызу, өзіне таныс ежелгі атауларға соны мағына үстеу, оны қарым-қатынас жасауда ауыспалы мағынада жұмсау тілдің бейнелілік қызметін арттыра түседі. «Бұл ретте адамдардың өз болмыс табиғи жаратылысы дене мүшелері атауларының фразеологизм жасаудағы ұйытқы немесе тірек сөз болуындағы қызметі ерекше. Өйткені адам жансызға жан бітіретін саналы тіршілік иесі ретінде алдымен өзіне таныс, дене мүшелерінің әбден үйреншікті дағдылы құбылысқа айналған қызметі мен қасиеттері ауыспалы қосымша мағынаға ие болады. Олардың ішінде фразеологизм жасауда *көз, жүрек, қол, бас, ауыз, бет, қан, іш, тіл* лексемалары басты орында» [2,207]. Сондықтан талдауға алынған Шәкәрім өлеңдерінен *көз, тіл, төбе шаш, бел* атауларына қатысты фразеологизмдерді көптеп кездестіріп, оларды ғалымдар ұсынған семантикалық жіктеме негізінде топтастырдық:

Соматикалық атауларға қатысты фразеологизмдер. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларында адамның дене мүшелеріне қатысты фразеологизмдердің бұл тобы *төбе, көз, тіл, бел* соматикалық атаулары арқылы жасалады. Мысалы, *төбе* соматизмі арқылы жасалуы: *Төбеңді әлі-ақ теседі* [8,34]; Адал десе *тік тұрар төбе шашы* [8,114].

Сондай-ақ *көз* соматизмі арқылы жасалған фразеологизмдер де жиі кездеседі. Мысалы: *Көзіңе құмды тыға бер* [8,36]; Қазаққа *көз сүзбестің* қамы үшін жи [8,41]; Біреуі ұғар ма деп

көзі ашылып [8,63]; *Көз тойып*, көңіл толмақ пендеде жоқ [8,66]; *Көзім түсті* етіне [8,75]; Бәрін көрдің түбіне *көз жібердің* [8,94]; Екі құлақ тарс бітіп, *Шел басыпты көзімді* [8,218]; Біледі мұны анық *көзі көрген* [8,231]; *Көзді байлап* жүрген қу сайтан [8,315]; *Көз жұмып*, «Көппен көрген ұлы той» деп [8,61]; т.б.

Келесі топ – *тіл* соматизміне қатысты фразеологизмдер. Мысалы: *Тілім тисе*, сіздерге, кеш достарым [8,45]; *Тілі ащы* деп, жігіттер, мені сөкпе [8,45]; Улы жүрек, *долы тіл* сөйлеп отыр [8,45], т.б. *Бел* соматизміне қатысты: Байладым *белді бекем буайын* деп [8,64], т.б.

Енді соматизмдердің мағыналық тобына сай жеке-жеке тоқталып өтсек. Мысалы, «Біреудің мінін кешірсең» атты өлеңінде *төбе* сөзіне қатысты фразеологизм кездеседі:

Біреудің мінін кешірсең,
Саған да құдай кешеді.
Бәрін де қылмай есірсең,
Төбеңді әлі-ақ *теседі* [8,34].

Мұндағы *төбесін тесі* деген фразеологизм І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде»: «*басынып алды, қорлады, зорлық көрсетті*» деген мағыналарға жіктеледі [9,512]. Сонымен бірге *көзін [төбесін] ойды [тесі]* деген фразеологизмнің «*қорлық көрсетті, сорлатты; басына әңгір таяқ ойнатты*» деген мағынасы да келтіріледі [9,263]. Шәкәрім өлеңінде 8-9 буынды өлең ұйқасына сай буын санын толықтыру үшін фразеологизмнің арасына «әлі-ақ» деген үстеу қосылғанмен негізгі мәні сақталып тұр.

Шәкәрімнің «Партия адамдары» атты өлеңінде:

Адал десе *тік тұрар төбе шашы*
Жиған малы бәрі арам, ішкен асы.
Қылып жүрген ісі мынау, күші мынау,

Аңайынға ұқсайды қай арасы [8,114]? - деген жолда қолданылған *төбе шашы [құйқасы] тік тұрды [шымырлады]* деген фразеологизм «*шошыды, тұла бойы түршікті, зәресі ұшты*» деген мағына береді [9,512]. Яғни арам ас ішіп, дүние жиған жанның адал десе зәресі ұшып, шошып кететін халін суреттеуде орнымен қолданады.

Ә.Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігінде бұл тіркестің «*қатты шошу, зәресі кету*» және «*шошыну, түршігу, қорқып кету*» мағыналары келтірілген [10,195].

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *төбе* сөзінің екі түрлі мағынасын кездестіреміз:

I «Топырақ, құм немесе тастан үйіліп қалған биік дөң, шоқы.

II 1. Бастың ең үстіңгі бөлігі. 2. Бір заттың ұшар басы, ең жоғарғы жағы» [11,815]. Сонымен қатар жоғарыда келтірілген мысалдармен мағыналас «*Төбесінен құй қазды – азапқа салды, қинады; зықын шығарды. Төбе шашы тік тұрды – зәресі ұшты, шошыды*» деген фразеологизмдерді келтіреді. Мұндағы *төбесінен құй қазды – төбесін тесі* деген тұлғаларды лексикалық варианттар деп алуға болады.

«Төбе» сөзінің этимологиясына үңілген ғалым Р. Сыздықова оны монғол тіліндегі *төв* сөзімен іліктес деп санайды: «Көп мағыналы *төв* (түрікше *төбе* дегенге сай келетін тұлға) сөзінің бір мағынасы тура сөзді, адал адам дегенді білдіреді», - дей келіп, осы мағынасына сай тіліміздегі *төбе би* сөзі пайда болған деп топшылайды. Сонымен бірге «бұл сөздің осы мағынасы о баста түркі-монғол тілдеріне ортақ болу керек, сондықтан оны қазақ тілі үшін кірме сөз деп қарауға болмайды, оны тіркес құрамында тұрып, ертедегі көне мағынасын сақтаған төл сөздердің бірі деп танимыз» [12,171], - дейді. Мұнда *төбесін тесі* және *төбе шашы тік тұрды* деген фразеологизмдерді бастың ең үстіңгі бөлігіне қатысты айтылған мағыналас тіркестер, соматизмдер деуге болады.

Шәкәрім шығармаларынан *көз* соматизміне қатысты түрлі мағынадағы қолданыстарды да кездестіруге болады. Алдымен, *көз* сөзінің негізгі мағыналарына тоқталып өтсек. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бірнеше мағынасы ұсынылады: 1. «Адамның, жан-жануардың көру мүшесі. 2. Заттың жіп я басқа да бір нәрсе өткізетін тесігі. 3. Бір нәрсенің шығар жері, қойнауы. 4. Бір нәрсенің нақты өз басы. 5. Өткеннен қалған нәрсе; біреуге арналған ескерткіш, мұра, ұрпақ. 6. *Ауыспалы. Ақыл, ес, сана*» [11,404].

Ал этнолингвистикалық сөздікте бір ғана «көз» сөзіне қатысты 38 тіркес (*адыраң көз, ала көз, бадыраң көз, бұзау көз, бүркіт көз, бұлаң көз, ежірек көз, жыпсық көз, үкі көз, сағал көз, құмай көз, шағыр көз, шадыр көз*, т.б.) ұсынылған [10,199].

Мұның бәрі бұл сөздің мағыналық аясының кеңдігін көрсетеді. Көп мағыналылығы мен лексикалық ұғымының тереңдігі көптеген фразеологизмдер жасауға ұйытқы болған. Бұл сөздің этимологиясы туралы мифтанушы С. Қондыбай қызықты мәліметтер келтіреді: «Көз», «көк», «көр» және басқа да біраз ұғымдардың шығу тегі ортақ болып келеді. Ілкі тұрпатты «көң» сөзінен әр түрлі өзгеру жолымен бүгінгі қазақ тілінде бар «көк», «көл», «көр» және «көз» сөздері шығып тұр» [13,301], - деп, оған жеке тоқталады: «Көз» сөзінің қазақ тілінде үш мағынасы бар: а) ол – көру ағзасы және көру қабілетінің өзі, б) судың қайнар-бастауы, «бұлақ», «тұма», «жұма» сөздерінің синонимі, сондай-ақ кез келген нәрсенің бастау тегі («қайнар көзі»), в) тесік (иненің көзі, т.б.). Бұл жерде біз «барлық нәрсенің қайнары, тегі, негізі» және «айрықша қабілет» деген мағыналармен қатар «көз» сөзінің геометриялық пішінінің де абақ таңба (нүкте мен шеңбер) болып шығатынын көріп отырмыз; абақ таңбаның өзін де кейде «көз таңба» деп атай береміз» [13,302]. Сондықтан да Шәкәрім өлеңдерінен бұл сөзге қатысты көптеген мысалдарды кездестіреміз. Мәселен, «Мақсұтың болса орынсыз» атты өлеңінде:

Жолдасың болса тойымсыз,
Көзіңе құмды тыға бер [8,36].

Фразеологиялық сөздікте *көзіне құм құйылды* тіркесіне «өлді, көмілді» деген түсіндірме берілген [9, 262]. Шәкәрім қолданысында да екінші жақта жіктеліп, тойымсыз жандардың қасында жүрсең, өз ажалыңа жақындап, өліміңе дайындала бер деген ұғымды меңзеп, тыңдаушыға тікелей бағытталып тұр.

Ақынның еңбек тақырыбында жазылған «Мал жимақ» атты өлеңінде көзге қатысты екі түрлі фразеологизм кездеседі. Мысалы:

Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи,
Қазаққа көз сүзбестің қамы үшін жи [8,41];

Мұнда сөздікте ұсынылған «*телмірді, жалынышпен қарады; тілемсектенді*» деген мағынадағы *көз сүзді* фразеологизмі заттану арқылы ілік септігінде қолданылған [9,263]. Мұның өзі ақын қолданысындағы ерекшелік деуге болады.

Және тілдегі *жаман атты болды, жек көрінішті болды* деген мағынадағы «*көрінгенге көз тұрткі болды*» фразеологизміне сай келетін *көрінгенге көз сатып* деген тұлғаны да кездестіруге болады [9,285]:

Көрінгенге көз сатып жалынғанша,

Күндік өмір қалса да соған тырыс [8,42]. Автор әркімге жалынғанша әрі еңбек, әрі пайда, әрі дұрыс қол өнермен айналысқанды жөн санайды.

Сонымен бірге осы тұлғаға жақын «*әркімге бір телмірді, әр нәрседен телміріп, дәме етті*» деген мағынадағы *көрінгенге көз сүзген* деген фразеологизммен де мағыналық жақындығын байқауға болады [9,284].

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жастарға» атты насихат өлеңінен көзге қатысты бірін-бірі қайталамайтын жеті түрлі фразеологизмді кездестіреміз:

Ал, енді олай болса, кімді алалық?

Қазақта қай жақсы бар *көз саларлық?*[8,54].

Мұнда *назарын аудару* мағынасындағы «*көз салу*» («*көзі түсу*») фразеологизмі қолданылған [9,265].

Көп қуға *көзіңізді сүзбе*» делік!

Ұқпас деп бізден үміт үзбе» делік![8,54]. Мұнда келтірілген *көз сүзді* фразеологизмі болымсыз формада қолданылған.

Білім іздеп келуге кесел болар,

Көрсеқызар, *көзі ашық* бос құмарлық [8,56].

Мұнда *білімді адам, тереңнен ойлайтын жан* деген мағынадағы *көзі ашық* фразеологизмі жағымсыз мәнде қолданылған, яғни жақсылыққа емес, көрсеқызар, бос құмарлыққа салынуды сынайды.

Өмірі өнбес бір күні қылған жалға,

Көз тоймас үзіп-жұлып алған малға [8,61].

Мұнда *көңілі толды, құмары тарқады, қанагат етті* мағынасындағы *көзі тойды* фразеологизмі болымсыз тұлғада қолданылған [9,264].

Көз жұмып, «Көппен көрген ұлы той» деп,

Береді бұл надандық кімге пайда [8,61]?

«Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» *көз жұмды* фразеологизмінің 3 түрлі мағынасы ұсынылған: 1. *Нар тәуекелге басты*. 2. *Өлді*. 3. *Түк көрмедімге басты* [9,257]. Ақын қолданысындағы *көз жұму* бірінші мағынаға сай келеді, яғни нар тәуекелге басып, көптің соңынан көзсіз еру және оны ақын надандық деп сынап отырғаны байқалады.

Бұл туралы этнолингвистикалық сөздікте: «Көз жұму – «қайтыс болудың» эвфимистік баламасы. Адам тірісінде де көзін ашып, жұмып өмір сүреді. Ал мұндағы «көз жұму» - біржола, мәңгі-бақи көз жұму, ұйықтап кеткен адамның қайтып оянбауы» [10,756], - деп нақтылайды. Мәнмәтінде де өлген адамдай ар, рахым, әдепке бағынбай надандыққа көз жұмып жүре берсек, «быт-шыт боп тентіреп» кететініміз туралы айтылған.

Айтқанда өтірікті – судай жылып,

Шынды ескерген адам жоқ *көзіне іліп* [8,62]!

Менсінбеу, сыртқа тебу, мақтан, өсу (адамның әлеуметтік жағдайының өзгеруі) мағынасындағы *көзге ілмеу* фразеологизмінің болымды формасы қолданылған [10,96].

Абай жүр соны мазақ өлең қылып,

Біреуі ұғар ма деп *көзі ашылып* [8,63].

«Тіл арқылы шексіз ойды жеткізуге болғанымен тілдік амалдар сапа жағынан да, сан жағынан да шектеулі болғандықтан адам психикасында тілдік белгілерді бұзу механизмі қалыптасады, яғни тілдік амалдарды үнемдеу механизмі қосылады (*көзі ашылу* – санасы ояну, өмірді тану, білу; *көзі ашылу* – қолайлы жағдайдың тууы, жолы ашылу, т.б.)» [2,96], - дейді ғалым Г.Смағұлова.

Мұнда, *көзі ашылып* деген тіркес сөздікте «*көз ашып, жүрек жуады*» түрінде кездеседі. Яғни «*көңіліңді оятады, жүрегіңді тазартады*» деген мағынаны береді [9,253]. Автор қолданысында *көзі ашылып* фразеологизмі көңілі оянып, санасына сәуле түсіп, басқа өзгеріске аяқ басса деген тілек мағынасында қолданылған. Сөздікте *көзі ашылды // көз [көзің] ашты* фразеологизмінің бірнеше мағынасы берілген: 1. *Көкірегін, санасын оятты; санасы оянды, өмірді білді, таныды*. 2. *Сордан арылды, теңдікке, еркіндікке қолы жетті*. 3. *Бір нәрсенің тиегі ағытылды; жолы ашылды, қолайлы жағдай туды*. 4. *Сауаттанды, білім алды* [9,260]. Ақын қолданысындағы фразеологизм елдің сауатын ашты, білім берді, санасын оятты, өмірді тануға үйретті деген мағыналарға саяды.

Шәкәрімнің «Арман» атты өлеңінде *көз тою* фразеологизмі екі рет кездеседі:

Көз тойып, көңіл толмақ пендеде жоқ,

Болады айрылған соң сол да арманда [8,66].

Және:

Жердің жүзін жесе де *көзі тоймай*,

Патшалар да болып жүр әлі арманда [8,67].

Фразеологиялық сөздікте *көзі тойды* фразеологизмінің «*көңілі толды; құмары тарқады*» және «*қанагат етті*» деген мағыналары ұсынылған [9,265]. Автор қолданысында бейнелі түрде бұл қасиеттер барлық адам бойынан табыла бермейтіні жайлы айтылып тұр.

Ақынның «Ашу мен ынсап» атты өлеңінен де көзге қатысты бес түрлі фразеологизмді кездестіруге болады:

Өңкей ақымақ *шелді көз*

Ақты қайтіп жайратты [8,74]?

Мұнда *соқыр, көр* мағынасында жұмсалатын *ақты (шелді) көз* деген фразеологизм қолданылған [9,27].

Жан-жағыма *көз салдым*,

Сөйлейін деп қыбырлап [8,74].

Мұнда *қарады, назар аударды* мағынасындағы *көз салу* фразеологизмі қолданылған.

Көзім түсті етіне,

Бір уыздай келіншек [8,75].

Мұндағы *көзі түсті* фразеологизмі «*назары ауды; аңсары ауды, қызықты*» деген мағына береді [9,265]. Авторлық қолданыста адамды өзіне қызықтырып, аңсарын аударатын еріншектің сымбатты бейнесін сомдау үшін келтіріледі.

Құлағы мен *көзін аш*,

Оқу оқыт, ғылым жай [8,76].

Мұнда *ілім, білім үйрет, сауаттандыр, көкірегін, санасын оят* мағынасындағы *көзін аш* фразеологизмі қолданылған.

Кеудесінде болса көз,

Жұғар сондай адамға [8,77].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *сана сезімі оянды, көңілі ашылды, зерделі болды* деген мағынада *көкірек көзі ашылды* деген фразеологизм кездеседі. Мұндағы *кеудесінде болса көз* деген дәл осы тіркестің автор қолданысында ұйқасқа сай түрлендірілген (*кеуде\көкірек* деген мағыналас сөздердің орын ауысуы арқылы жасалған) нұсқасы деп алуға болады [9,271].

Шәкәрімнің «Қазақ айнасы» атты өлеңінен де көзге қатысты екі түрлі фразеологизмді кездестіреміз. Мысалы:

Артың анау, алдың су, *көз жетпейді,*

Өтетұғын қамыңды ойланып бақ [8,94].

Бұл жерде *ұшы-қиыры жоқ, ұшан-теңіз, өте көп және пайымдап болмайды* деген мағынада қолданылатын *көз жетпес(-тей)* фразеологизмі кездеседі [9,260].

Дүние тұр қалыбында, сен өзгердің,

Бәрін көрдің түбіне *көз жібердің* [8,94].

Өлеңде қолданылған *көз жіберді* фразеологизмі «*ишолып қарады; шола іздеді; ой жіберді*» деген мағына үстеп тұр [9,257]. Екінші жақта жіктелу арқылы тыңдаушыға тікелей бағытталып, айтылар ойдың әсерін арттырып тұр.

«Айна қойдым алдыма» атты өлеңінде *көзін шел басу* фразеологизмі инверсияланып қолданылған:

Екі құлақ тарс бітіп,

Шел басыпты көзімді [8,218].

Мұндағы *көзін шел басты [қаптады]* фразеологизмінің мағынасы «*көкірек керді, менменсіді, ешкімді менсінбеді, өзімшілдікке салынды*» дегенге саяды [9,264]. Авторлық қолданысты біреудің мінін айту үшін емес, керісінше, өзіне қарата айтылып, өз басының кемшілігін аяусыз сынға алу үшін қолданылып тұр.

Ақынның «Жиырма үй менің көршім – Қарабатыр» атты өлеңінде көзге қатысты *көзі көрген* және *көз жетіп* атты екі түрлі фразеологизм кездеседі:

Бәкеме қажы екен бөліп берген,

Біледі мұны анық *көзі көрген*[8,231].

Фразеологиялық сөздікте *көз көрген* фразеологизмі «*бірін-бірі білетін, таныс адам*» деген мағынаны береді [9,257]. Автор бұл өлеңде бұрыннан таныс, айтылар мәлімет туралы жақсы білетін адамдарды сипаттауда осы бір ықшам тіркесті орнымен қолданған.

Айтқаным тапжылмастай келгеніне

Көз жетіп, сонда ғана сенерсіңдер [8,233].

Мұнда *кәміл сенді, ақиқатына қанды; анықтап айырып көрді, ажыратты, таныды* деген ұғымдарды беретін *көзі жетті* деген фразеологизм көсемше тұлғасында қолданылған [9,260].

Шәкәрімнің «Қорқыттың сарыны» атты өлеңінде *көзді байлап* фразеологизмі кездеседі:

Ойды улатып,

Көзді байлап жүрген қу сайтан [8,315]!

Өлеңде қолданылған *көз байлады* деген фразеологизмінің мағынасы «*алдап, арбады*» дегенге саяды [10,253]. Образды бейне жасау үшін де бұл фразеологизм табыс септігі

жалғауында қолданылып, өлең шумағының әсерлілігін, көркемдігін арттырып тұр. Шәкәрім Құдайбердіұлы жырларында бұл фразеологизмнің жиі қолданылғаны байқалады. Тура осы тұлғада қолданылып, жоғарыда көрсетілген *«алдау, арбау»* деген негізгі мағынаны айшықтай түседі. Ғалым Г. Смағұлова мұндай тіркестерді «сөйлеу мен ойлау жағдаяттарына қатысты білім, пікірлердің фразеологизмдер арқылы қайталанып отыратын когнитивтік модельдің типтері» [2,61], - дейді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының зерттеу барысында қарастырған өлеңдерінде бір ғана көз сөзіне байланысты жиырма үш фразеологизм қолданылған. Мұндағы *көзіне құм құйылды, көз сүзді, көрінгенге көз сатып, көз саларлық, көз сүзбе, көз тоймас, көз жұмып, көзіне іліп, көзі ашылып, көзі тойып, көз тоймай, шелді көз, көз салдым, көзі түсті, көзін аш, кеудесінде болса көз, көз жетпейді, көз жіберді, көзін шел басты [қаптады], көз көрген, көз жетіп, көз байлап* деген фразеологизмдер авторлық қолданыстың көркемдігін арттырып тұр.

Келесі топ – *тіл* соматизміне қатысты фразеологизмдер. Мысалы, ақынның «Өткінші өмір» атты өлеңінде *тіл тию, тілі ащы, ашы тіл, долы тіл* секілді фразеологизмдер кездеседі. Әсіресе, қазақ жастарын оқу-білімге, мәдениет пен өнерге шақыруда өзінің қайғысын қайталамауды, ақынның «өкінішті» өмір жолынан сабақ алуды ұсынады. Ақын қайғысы, ақын мұңы жеке басының мәселесі емес, ұлтының көзі ашылып, жарқын болашаққа ұмтылуы, өркениетке жалғануы. Өз өмірінің өкінішін жырлай отырып, өз-өзінен есеп алып, өзіне баға береді, бойындағы кемшіліктері мен жағымсыз мінездерін қатаң сынға алады:

Өзімді ұрған мінезді сөгемін деп,

Тілім тисе, сіздерге, кеш достарым [8,45].

Мұндағы *тіл тигізді* деген фразеологизм *«балағаттады»* деген мағына береді [9,534]. Авторлық қолданысты өзіне қаратып айтылған, өз мінезін сөгу үшін қолданылған ащы сөздерім сіздердің көңіліңізге тисе кешірім сұраймын деу арқылы, керісінше, оқырманға ой салып, мінездегі ондай міндерден қарапайым адамдардың да кенде емесін еске түсіреді.

Тілі ашы деп, жігіттер, мені сөкпе,

Ашулының әр сөзі тиер көпке [8,45].

Өлеңде қолданылған *тілі ащы* деген фразеологизм *«сөзді жанға батырып айтатын улы тілді (кісі)»* деген мағынада өзіне қатысты қолданылып тұр [9,535]. Сонымен бірге *ащы тіл [сөз]* деген *«өте ауыр, жер-жебіріне жеткізе, қатты айтылған балағат сөз, ызалы сөз, қатты айтылған кейіс сөз»* деген мағынаны береді [9,75]. Мұның бәрі халық мұңын жырлаған Шәкәрім ақынның өзіне қатысты айтылған орынды теңеулері екені даусыз.

Улы жүрек, *долы тіл* сөйлеп отыр [8,45].

Мұндағы *долы* сөзі адамға қатысты айтылатыны белгілі: *көк айыл [долы]* деген фразеологизм *«ашушаң, ұрысқақ (әйел туралы)»* және *«күші ерен»* деген мағыналарды береді [9,266]. Тілге қатысты *тіл тигізді, тілі ащы, долы тіл* деген тіркестер арқылы адам тілінің, шындықты айтып ашынған ақын тілінің күшін, бояуын жеткізуде тиімді қолданылған.

Ащы тілмен мен айттым ел мінезін,

Сөздің теріс мақұлын салмақта өзің [8,45].

Мұндағы *ащы тіл* фразеологизмі өте ауыр, жер-жебіріне жеткізе, қатты айтылған балағат сөз, ызалы сөз, қатты айтылған кейіс сөз деген мағына қолданылған [9,75].

Бел соматизмі:

Мұны да ақынның «Жастарға атты өлеңінен кездестіреміз:

Байладым *белді бекем буайын* деп

Жүректі адалдықпен жуайын деп [8,64].

Мұнда *бел байлады [буды]* деген фразеологизм *«бір нәрсені істеуге шындап кірісті, тәуекел етті»* деген мағынада қолданылған [9,110]. Ақын «Жастарға» атты өлеңінде «б» дауыссызының әуендестігіне құрылған *белді бекем буды* деген фразеологизмді қолданады.

І.Кеңесбаевтың топтамасы бойынша авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің синтаксистік қатынасына қарай мынадай түрлері кездесті [9,617]:

а) бастауыш пен баяндауышқа бөлінетін «сипатты» фразеологизмдер: *көзі ашылып, көзі тойды, көзі түсті, көзі жетеді, төбе шашы тік тұрды, т.б.*

ә) анықтауыш пен анықталғыш мүшеге бөлінетін «сипатты» фразеологизмдер: *ащы тіл [сөз], долы тіл, ақ жүрек, т.б.*

в) тура және жанама толықтауышпен толықталатын (не «баяндауыш») «сипатты» фразеологизмдер: *белді бекем буды, көз сүзді, көз жіберді, көзді байлады, көзін ашқан, төбесін тесті, т.б.*

Мұндай соматикалық фразеологизмдердің семантикалық топтары есім және етістік мәнді тіркестерден құралатыны байқалды.

Төрт түлік мал атауларына және үй хайуандарына қатысты фразеологизмдер. «Қазақтардың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті төрт түлік мал шаруашылығына қарай қалыптасқан. Ішсе тамақ, кесе киім болған төрт түліктің кез келген ұлттың күн көрісіндегі алатын орны ерекше. Ал оның тұрақты тіркестер жасаудағы белсенділігі, әсіресе қазақ тіліндегі фразеологизмдерден анық көрінеді. Қазақ фразеологизмдерінің қоры ұлттың рухани құндылығы ретінде ерекшеленеді» [2, 209].

Шәкәрім шығармаларында кездесетін төрт түлік мал атауларына қатысты фразеологизмдердің ішінде жиі қолданылатыны – қой малы. Мәселен:

Қой терісін жамылған жандар да бар [8,216].

Бұл фразеологизмді «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен» кездестіре алмадық. Алайда мұндағы қолданыстың негізі қазақ тіліндегі *қой терісін жамылған бөрі* деген фразеологизм деп алуға болады. Мұны этнолингвист-ғалым Ә.Қайдар өзінің этнолингвистикалық сөздігінде «*арам пизғылын бүркемелеу үшін сырт көзге момақан болғансып, қасақана мүләйімси қалатын қаныпезер адам*» деп сипаттайды [10,391]. Академик Ә.Қайдар бүгінгі фразеологизм, мақал-мәтел деп жүрген тұрақты тілдік единицалардың басым көпшілігі бір замандағы күнделікті қарапайым тіршіліктің, құбылыстың, шаруашылықтың, кәсіпшіліктің, өзара қарым-қатынастың нәтижесі ретінде қалыптасқан тілдегі көрінісі екенін айтады. Олар бара-бара тұрақталып, мағыналық өзгерістерге ұшырауы салдарынан этнофразеологизм және мақал-мәтел дәрежесіне көтерілген. Олардың дүниеге келуі о баста малға, аңға, өсімдіктерге, аспан әлеміне, табиғат құбылысына байланысты болса да, бүгінде бәрі айналып келіп адамға тірелетінін, адамның іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, жақсы-жаман қасиетіне, ішкі-сыртқы көрінісіне бағышталғанын айтып өтеді [10,471]. Мәнмәтінде де екіжүзді адамдарды суреттеу үшін осы фразеологизм орынды қолданылған.

Ит – қазақ мәдениетінде өзіндік орны бар жеті қазынаның бірі. Ол туралы мифтанушы С. Қондыбай былай дейді: «Адамның физиологиялық төзімділігі қазақта «итжандылық», «жаны иттің жанындай сірі» деген теңеулермен беріледі, бүгінгі тілде бұл сөз жай метафора сияқты көрінгенімен, оның ар жағында мифтік түсініктің жатқанын байқау қиын емес», - дейді де: «Ит – адамның екінші сипаты, оның екінші «мені». «Ит – адамның «егізі», «екінші адам». Ортағасырлық түркі тілді бұлғарлар киелі орындар астына ғұрыптық рәсіммен өлтірілген иттің өлекесін көмген, ал чуваштар «өлген адамның жаны итке айналады деп түсінген». Яғни, қазақтың «ит-жан» туралы түсінігінің жалпытүркілік сипатқа ие болғандығы көрініп тұр» [13,127]. Дәл осы таным тұрғысынан Шәкәрім өлеңдерінде адам бейнесін итке теңеу көрініс береді. Бір-бірінің тілін алмай, алауыздыққа салынған халықты *иттей үрді* деген фразеологизммен сипаттайды. Мәселен:

Білмегені білгеннің тілін алмай,

Бәрі бірдей шулайды *иттей үрді* [8,63].

Немесе:

Қазақтың қайратының түбі мәлім,

Алты бақан алауыз *иттей үрді* [8,112].

«Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» күшік *иттей үрді* деген фразеологизм келтіріледі, оның мағынасы «*қолынан еш нәрсе келмесе де жарбаңдап жармаса беруді айтып отыр*» дейді [9,295]. Ақын қолданысында да дәл осы мағынада дұрыс нәрсені қолдаудың орнына шабалаңдап үрген ит секілді орынсыз қарсыласу туралы айтып отыр.

Аспан денелеріне қатысты фразеологизмдер. Ертедегі адамдар үшін қоршаған орта құпиясы мол жұмбақ әлем болған. Әсіресе, аспан әлеміне қатысты қазақ танымында аңыз-

әңгімелер, қисса-жырлар көптеп сақталған. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Хафиз әуені, Науаи үлгісімен, тәжік-парсы, түрік-шағатай дәстүрінде» жазылған өлеңіне осы аспан әлемі арқау болған:

*Күн батып жоғалды,
Нұрыңнан ұялып [8,70].*

Фразеологиялық сөздікте мұндағы *күн батты // күн ұясына кірді [қонды] // күн шатырына кірді* деген фразеологизмнің мағынасы «*кеш болды*» деп беріледі [9,290]. Тілдік бірліктер фразеологизмдермен көмкерілу арқылы айшықты образдар жасалған. Яғни, автор сол бір ұзақ кезеңді жеткізуде фразеологиялық бірлікті орынды қолдану арқылы дәл де нақтылықпен, ықшамды да сыпайы түрде айтып өтеді.

ТАЛҚЫЛАУ

Жоғарыда атап өткеніміздей, фразеологизмдерді семантикалық топтастыруда академик І. Кеңесбаев ұйытқы сөздерге басымдық бере отырып, дене мүшелеріне (соматикалық принципке) байланысты бірде төрт түлік мал, егін, т.б. шаруашылыққа, флора, фаунаға байланысты топтастыруды, ал Г. Смағұлова фразеологизмдерді семантикалық топтастыруға тірек болатын атаулар ретінде соматизмдер, төрт түлік мал атаулары және үй хайуандары, аспан денелері секілді негізгі үш тақырыпты ұсынады. Р.А. Авакова адамның анатомиялық атаулары (соматизмдер) мен қимыл-қозғалыстарына байланысты туған фраземалар; жануарлар (зооморфтық фраземалар) әлемі; өсімдіктер (флора) әлемі; табиғат құбылыстары; өлшем бірлік (метеорология); сандық (нумеративтік) фраземалар; түр-түстік және сындық; алғыс және қарғыс мәнді; мифтік және діни; тарихи кезеңдермен және тұлғалармен байланысты туған фраземалар деп толықтырып өтеді. Ал Э.Н. Ажарбекова мен Ш. Мажитаевалар фразеологизмдердің тақырыптық топтарын одан әрі саралай келіп, тек адами қасиеттерді білдіретін семантикалық топтарына тоқталады. Біз өз жұмысымызда ғалым Г. Смағұлованың пікірін негізге алып, Шәкәрімнің бірнеше өлеңдері бойынша фразеологизмдерге тоқталдық. Қазақ тілі бейнелі, ауыспалы мағынада қолданылатын фразеологизмдердің молдығымен ерекшеленсе, «қазақ фразеологиясының қорын құрайтын фразеологизмдердің семантикалық топтары да қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттардың қасиетін сипаттау, адамның көңіл күйін эмоционалды-экспрессивті бағалауымен құнды» деген ғалым Г.Смағұлова пікіріне орай, Шәкәрім өлеңдерінде қолданылған фразеологизмдердің семантикалық топтарын былай жіктеуге болады:

1-кесте Шәкәрім өлеңдеріндегі фразеологизмдердің семантикалық топтары

Соматикалық атауларға қатысты		Төрт түлік мал атаулары мен үй хайуандарына қатысты		Аспан денелеріне қатысты	
тірек сөз мағынасы	саны	тірек сөз мағынасы	саны	тірек сөз мағынасы	саны
төбе	2	қой	1	күн	1
Көз	22	ит	2		
Тіл	4				
Бел	1				

Тақырып бойынша жүргізілген зерттеу нәтижесі фразеологиялық бірліктердің әрқайсысы белгілі бір семантикалық үлгі бойынша құрылатынын, оның құрамдас бөліктерінің барлығы сақталған кезде ғана негізгі жиынтық мағына айқындалатынын көрсетті. Автор қолданысындағы негізгі тірек сөздерден бөлек құрамдас бөліктерінің кейбірі басқа сөздермен толықтырылса да (*төбеңді әлі-ақ теседі – төбесін тесі*), мәндес сөздермен ауыстырылса да (*көзіңе құмды тыға бер – көзіне құм құйылды*), тұрақты орны ауысса да (*шел басыпты көзімді*

– *көзін шел басты*) түпкі мағына мен құрылымын қалпына келтіруге болады, яғни өлең ұйқасына сай фразеологиялық бірліктер біршама түрленгенімен, түпнұсқадан мағыналық алшақтау жоқ. Бұл туралы ғалым Р.Аюпова өз зерттеуінде фразеологиялық бірліктердің құрамдас бөліктерінің әр түрлі мәртебеге ие екендігін растап, олардың кейбірінде семантикалық мағына көбірек сақталса, кейбірінде көмескі көрінетінін айтады [14,238]. Тірек сөздер негізгі мағынаға ие болып, уақыт өте келе ол жойылса, фразеологиялық бірліктердің мағыналық қабілеті де солғындай түседі. Кейбір фразеологизмдерде тірек сөздер бірнеше болуы да мүмкін. Ал кейбір фразеологизмдердегі негізгі сөздерді ажыратудың өзі қиын. Мұндай фразеологизмдердің мәнін түсіну үшін мәтін ішінде, басқа сөздермен бірлікте қарастырған абзал.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нысанына алынған Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдеріндегі фразеологизмдер мен ондағы тірек сөздердің қазақ танымында ерекше орын алатын, жалпытүркілік мағынасын сақтаған, көнеден келе жатқан төл сөздер екені анықталды. Сонымен бірге ақын өлеңдеріндегі фразеологизмдердің жасалуына, көбінесе, сөздердің көп мағыналығы себеп болған деуге болады. Мәселен, *көз* соматизміне қатысты Шәкәрімнің «Жастарға» атты насихат өлеңінде *көз салалық, көзіңізді сүзбе, көз тоймас, көз жұмып, көзіне іліп, көзі ашылып, көзі ашық* секілді фразеологизмдер кездеседі. Сол секілді «Ашу мен ынсап» өлеңінде *шелді көз, көз салды, көзі түсті, көзін аш, кеудесінде болса көз* атты фразеологизмдер қолданылған.

Мұнда кейбір тіркестердің жасалуына көп мағыналықтың жалғаса туындауы себеп болса (*көзі ашылып – көзі ашық*), кейбірі морфологиялық варианттылық арқылы жасалған (*көзіне іліп – көзге іліп*). Мысалы, ауыспалы метафоралық мағына *көзі ашылды* болып келетін тіркестің фразеологиялық сөздікте төрт түрлі мағынасы көрсетілген: 1. «Санасы, сезімі ояну. 2. Бір нәрсеге қолы жету. 3. Қиындықтан құтылу. 4. Білім алу» [9,260]. Шәкәрім өлеңдерінде *көзі ашылып, көзі ашық, көзін аш* түрінде, негізінен санасын, сезімін ояту, білім беру мағыналарында қолданылған.

Сонымен бірге «Айна қойдым алдыма» өлеңінде кездесетін *шел басыпты көзімді* фразеологизмінің де сөздікте үш түрлі мағынасы берілген: 1. «Соқыр болу. 2. Еш нәрсені байқағысы келмеу. 3. Тоқмейілсу, надандық» [9,264].

Мұнда Шәкәрім өзінің тоқмейілсу, надандық арқылы соқыр болғанын сынап өтеді. Және сол арқылы өз бойында бар кемшіліктің әркімнің бойында бар екенін, адамдар бір-бірінің айнасы екендігін бейнелі түрде жеткізеді. Мұндағы «фразеологиялық көпмағыналық – негізгі мысалдағы ой, мағына ортақтығының бір ұғымды білдіруіне байланысты тізбектеле, жалғаса туып отыр. Сонымен көп мағыналықтың жалғаса тууына ықпал ететіндер: барлық мағынаға тән ұқсас ситуация, ортақ метафоралық ауыспалы қолданыс, ішкі мағына байланысы» [2,187]. Г. Смағұлова қазақ тілінде фразеологизм варианттарының лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, лексика-грамматикалық түрлері бар дей келіп, ең жиі кездесетіні ретінде лексикалық варианттарды атайды [2,172].

Мәселен, Шәкәрімнің «Мақсұтың болса орынсыз» деген өлеңінде кездесетін *көзіңе құмды тыға бер* деген фразеологизмнің тілде *көзіңе құм толсын // аузыңа қан толсын* деген лексикалық варианттары бар. Мұнда тұлғалық жағынан өзгеріс болғанымен мағынасы бір. Қарғыс мәнде айтылған фразеологизм жасауға негіз болған *құм* және *қан* сөздерінің арасында ешқандай байланыс жоқ. Ал «Ашу мен ынсап» өлеңінде қолданылған *кеудесінде болса көз* фразеологизмі өзімен синонимдес сөзбен алмастырылып *көкірегінде болса көз* нұсқасында да кездеседі. Демек, сөздердің көп мағыналығы мен лексикалық варианттылығы фразеологизм жасаудағы өнімді тәсілдер деуге болады.

Қорыта келе, Шәкәрім шығармаларында кездесетін фразеологизмдердің семантикалық топтарын анықтау мақсатында нысанға алынған ақын өлеңдеріне тілдік талдау жасалып, нәтижесінде отызға жуық фразеологизм қарастырылды. Оларға негіз болған ұйытқы сөздердің этимологиясына үңіліп, фразеологизм жасаудағы өнімді тәсілдерге тоқталдық. Түсіндірмелі,

этнолингвистикалық және фразеологиялық сөздікте берілген мағынасы сараланып, авторлық қолданыстағы тілдік ерекшеліктері айқындалды. Алынған мысалдарға салыстырмалы әдіс негізінде танымдық, тілдік, этимологиялық талдау жасалып, мысалдармен нақтыланды. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларында қолданылған фразеологиялық бірліктер ерекше эмоциялық күй мен қарым-қатынастың түрлі мағыналық реңктерін бейнелейді. Яғни автордың түпкі ойын оқырманына нақты да дәл жеткізуді жеңілдетеді. Мұнда ақын идеясын нанымды жеткізуде, бейнелі де көркем құрылымға ие фразеологизмдер ерекше қызмет атқарып тұр. Автор қолданысындағы фразеологиялық бірліктер дәстүрлер тоғысы мен бүгінгі ғылым жетістігі тұрғысында мәдениетаралық қатынастар негізінде тереңдете зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Кеңесбаев І.К. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. -132 б.
- 2 Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2020. -256 б.
- 3 Авакова Р.А. Фразеосемантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 246 б.
- 4 Ажарбекова Ә.Н., Мажитаева Ш. Адами қасиеттердің фразеологизмдер арқылы берілуі / Образование и наука XXI века: материалы XIV Междунар. науч.-теор. конф. (15-22 октября 2018 года). - Т. V. -София: БялГРАД-БГОДД. - 2018. - С. 19-23
- 5 Adaxamjonova, M. B, Abduvaliyev, M. A. (2022). Birth and development of phraseology as a linguistic discipline in world linguistics. *Galaxy International Interdisciplinary Research Journal*, 10(3), 746-752
- 6 Malikova, A. M. (2022). Comparative Study of Somatic Phraseological Units in English and Azerbaijani Languages. *Advances in Social Sciences Research Journal*, 9(4), 236-243. Available at: <https://doi.org/10.14738/assrj.94.12144>
- 7 Zho, H. (2020). Making a stance: social action for language and intercultural communication research. *Language and Intercultural Communication*, 20(2), 206-212. Available at: <https://doi.org/10.1080/14708477.2020.1730393>
- 8 Құдайбердіұлы Шаһкәрім шығармаларының үш томдық жинағы. Т.1: Қажыма, ойым, қажыма. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. - 408 б.
- 9 Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Кеңесбаев І.К. – Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. -712 б.
- 10 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). Т.1: Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. -784 б.
- 11 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. -968 б.
- 12 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы. Т.4: – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. -412 б.
- 13 Қоңдыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. -512 б.
- 14 Ayurova R., Arsenteva E., Lutfullina G., Nikulina E. Identifying the key components of phraseological units. *Humanities & Social Sciences Reviews* ISSN: 2395-6518, Vol 8, No 1, 2020, pp.233-239 <https://doi.org/10.18510/hssr.2020.8133>

Материал 02.08.2024 баспаға түсті

Семантические группы фразеологизмов в произведениях Шакарима Кудайбердиұлы

Ж. Аманбекқызы

Евразийский Национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

Фразеологизмы как неотъемлемая часть каждого языка различаются как по древности, так и по форме, стабильности смысла и стиля. Так как во фразеологизмах отражена национальная идентичность и самобытность казахского народа, важно проанализировать их видоизменения и смысловые группы в авторском употреблении. В статье проанализированы фразеологизмы, использованные в произведениях Шакарима Кудайбердиұлы, определены их семантические группы и языковые особенности авторского использования. Языковые изменения в контексте сравниваются с оригиналом во фразеологическом словаре, по мнению автора, дифференцируется функция фразеологизмов в передаче национального познания. Авторство может быть эффективно использовано в понимании сути, уделяя особое внимание существующим языковым особенностям и художественным различиям. Особое место в создании фразеологизмов занимает устная литература. Остроумное сопоставление противоречивых понятий, образные выражения, примеры, сравнения, пословицы, остро поставленные вопросы и остроумные ответы на вопросы – всё это единицы образного мышления, умелого словосочетания и правильного использования в соответствии с внутренними законами языка. Особо важно подчеркнуть, что Шакарим Кудайбердиұлы углубился в суть фразеологии, пытаясь понять, в каком коммуникативном намерении он использовал смысловые части информации. Фразеологизмы являются свидетельством культурно-исторического опыта и развития языка того или иного народа. Поэтому актуальность изучения особенностей восприятия в контексте их смысловых групп и национального познания высока.

Ключевые слова: язык, культура, соматизмы, фразеологическая единица, этнолингвистика.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Кенесбаев С.К. Вопросы казахского языкознания – Павлодар: Павлодарский государственный университет имени С.Торайгырова, 2010. -132 с.
- 2 Смагулова Г. Казахская фразеология в лингвистических парадигмах: монография. - Алматы: издательство «Елтаным», 2020. -256 с.
- 3 Авакова Р.А. Фразеосемантика. – Алматы: Казахский университет, 2013. – 246 с.
- 4 Ажарбекова Э.Н., Мажитаева Ш. Проявление человеческих качеств через фразеологизмы / Образование и наука XXI века: материалы XIV Междунар. науч.-теор. конф. (15-22 октября 2018 года). - Т.V. -София: БялГРАД-БГОДД. - 2018. - С. 19-23
- 5 Adaxamjonova, M. B, Abduvaliyev, M. A. (2022). Birth and development of phraseology as a linguistic discipline in world linguistics. Galaxy International Interdisciplinary Research Journal, 10(3), 746-752
- 6 Malikova, A. M. (2022). Comparative Study of Somatic Phraseological Units in English and Azerbaijani Languages. Advances in Social Sciences Research Journal, 9(4), 236-243. Available at: <https://doi.org/10.14738/assrj.94.12144>
- 7 Zho, H. (2020). Making a stance: social action for language and intercultural communication research. Language and Intercultural Communication, 20(2), 206-212. Available at: <https://doi.org/10.1080/14708477.2020.1730393>

- 8 Трехтомное собрание сочинений Кудайбердиұлы Шахқарима. Т.1: Не утомляйся, мой разум, не утомляйся. Алматы: Международный клуб Абая, 2008. - 408 с.
- 9 Фразеологический словарь казахского языка. Кенесбаев И.К. - Алматы, издательство «Наука» Казахской ССР, 1977. -712 с.
- 10 Қайдар Ә. Казахи в мире родного языка: этнолингвистический словарь. Т.1: Человек. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. -784 б.
- 11 Толковый словарь казахского языка / Под общей редакцией Т. Жанузакова. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008.-968 с.
- 12 Сыздыкова Р. Слова говорят (из истории употребления слов). Собрание многотомных произведений. Т. 4: - Алматы: «Ел-шежире», 2014. -412 с.
- 13 Кондыбай С. Мифология предказахов. - Алматы: Дайк-Пресс, 2004.-512 с.
- 14 Ауурова R., Arsenteva E., Lutfullina G., Nikulina E. Identifying the key components of phraseological units. Humanities & Social Sciences Reviews ISSN: 2395-6518, Vol 8, No 1, 2020, pp 233-239 <https://doi.org/10.18510/hssr.2020.8133>

Материал поступил в редакцию журнала 02.08.2024

Semantic groups of phraseology in the works of Shakarim Kudaiberdyuly

Zh.Amanbekkyzy

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

Phraseological units, as an essential component of any language, vary in terms of their origin, form, stability of meaning, and style. These units reflect the national identity and cultural essence of the Kazakh people, making it crucial to analyze their modifications and semantic categories in an author's usage. This article examines the phraseological units found in the works of Shakarim Kudaiberdiuly, categorizing them into semantic groups and exploring their linguistic characteristics within the context of his writing. The study compares linguistic changes in these units with their original forms as defined in the phraseological dictionary, highlighting the distinct functions these units serve in conveying national knowledge. The author's unique use of phraseological units is particularly valuable for understanding their essence, with special attention paid to the linguistic features and artistic nuances of his style. Oral literature plays a significant role in the creation of these units, with clever juxtapositions of contrasting concepts, figurative expressions, proverbs, comparisons, and witty exchanges all contributing to the creative use of language. Notably, Shakarim Kudaiberdiuly engaged deeply with the core of phraseology, exploring how he employed semantic elements of information to achieve specific communicative intentions. Phraseological units serve as evidence of the cultural, historical, and linguistic development of a people, thus underscoring the importance of studying their semantic groups and their role in national cognition.

Key words: language, culture, somatisms, phraseological unit, ethnolinguistics.

REFERENCES

- 1 Kenesbaev, I.K. (2010), Qazaq til bilimi turaly zertteuler [Research on Kazakh linguistics]. – (S.Torajgyrov atyndagy Pavlodar memlekettik universiteti, Pavlodar). [in Kazakh]
- 2 Smagulova, G. (2020), Qazaq frazeologiasy lingvistikalıyq paradigmalarda: monografia [Kazakh phraseology in linguistic paradigms: monograph], (Almaty: «Eltanym baspasy») [in Kazakh]

- 3 Avakova, R.A. (2013), *Frazeosemantika [Phraseosemantics]*. (Almaty: Kazakh University) [in Kazakh]
- 4 Azharbekova, E.N. and Mazhitaeva, Sh. (2018), *Adami qasiyetterdin frazeologizmder arqyly berilui [The expression of human qualities through phraseological units] / Obrazovanie i nauka XXI veka: materialy XIV International scientific and theoretical konf. (15-22 Oktober)*. - T.V. - Sofiya: BialGRAD-BGODD, pp.19-23 [in Kazakh]
- 5 Adaxamjonova, M. B. and Abduvaliyev, M. A. (2022), *Birth and development of phraseology as a linguistic discipline in world linguistics*. *Galaxy International Interdisciplinary Research Journal*, 10(3), pp. 746-752 [in English]
- 6 Malikova, A.M. (2022), *Comparative Study of Somatic Phraseological Units in English and Azerbaijani Languages*. *Advances in Social Sciences Research Journal*, 9(4), 236-243. Available at: <https://doi.org/10.14738/assrj.94.12144> [in English]
- 7 Zho, H. (2020), *Making a stance: social action for language and intercultural communication research*. *Language and Intercultural Communication*, 20(2), 206-212. Available at: <https://doi.org/10.1080/14708477.2020.1730393> [in English]
- 8 Qudaiberdiuly, Sh. (2008), *Sygarmalarynyn us tomdyq jinagy*. [Three-volume collection of works by Kudaiberdiuly Shahkarim] T.1: *Qajyma, oiym, qajyma [I don't know, I said]*. - Almaty: Halyqaralyq Abai kluby, -408 b. [in Kazakh]
- 9 Kenesbaev, I.K. (1977), *Qazaq tilinin frazeologiyalyq sozdigi*. Kenesbaev I.K. [Phraseological Dictionary of the Kazakh language. Kenesbayev I. K. - [Almaty, Publishing House «Science» of the Kazakh SSR]. - 712 b. [in Kazakh]
- 10 Qaidar, A. (2009), *Qazaqtar ana tılı aleminde (etnolingvistikalıyq sozdık) [Kazakhs in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary)]*. T.1: *Human*. – Almaty: Daik-pres, -784 b. [in Kazakh]
- 11 *Qazaq tilinin tysindirme sözdigi (2008)*, / Zhalpy redakciyasyn basqargan T. Zhanuzaqov. [Explanatory dictionary of the Kazakh language / Under the general editorship of T. Zhanuzakov] – Almaty: Dajk-Press, -968 b. [in Kazakh]
- 12 Syzdyqova, R. (2014), *Sözder sөjlejdi (sөzderdin qoldanylu tarihyndan). Kөptomdyq shygarmalar zhinagy*. [Words are spoken (from the history of the use of words). A collection of multi-volume works] T.4: – Almaty: «El-shezhire». -412 b. [in Kazakh]
- 13 Qondybaj, S. (2004), *Argyqazaq mifologiyasy [The mythology of the ancestors of the Kazakhs]*. – Almaty: Dajk-Press, -512 b. [in Kazakh]
- 14 Ayupova, R., Arsenteva, E., Lutfullina, G. and Nikulina E. (2020), *Identifying the key components of phraseological units*. *Humanities & Social Sciences Reviews* ISSN: 2395-6518, Vol 8, No 1, pp.233-239 <https://doi.org/10.18510/hssr.2020.8133> [in English]

Received: 02.08.2025